

**Мәртөк ауданында оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы**

Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық мәслихатының 2025 жылғы 20 қарашадағы № 266 шешімі

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы шешім 01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі.**

Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 726 бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабына сәйкес Мәртөк аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәртөк ауданында арнаулы салық режимін оңайлатылған декларация негізінде қолданған кезде, төлем көзінен ұсталған салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесінің мөлшері 4 (төрт) пайыздан 3 (үш) пайызға төмендетілсін.

2. Осы шешім 2026 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

*Мәртөк аудандық мәслихатының төрағасы*

*Т. Көлкебаев*